

болашақ өмір сүрудің шарты” деген көзқарасына сүйене отырып, табиғатты аялай білгеніміз жөн [11]. “Біздің бәріміз – Жер атты бір кеменің жолаушыларымыз” – француз жазушысы Антуан де Сент-Экзюперидің осынау бейнелі сөзі нақ бүгін ерекше маңызды болып отыр. Ендеше, бұл кеменің жүзу сапары сәтті болуы үшін қолдан келгеннің бәрін істейік, табиғатымызды сақтай білейік деп қорытынлаймыз [12].

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы, 30 тамыз 1995 жыл. – Алматы: ЮРИСТ, 2011.
2. Бекишева С.Д.: – Экологическое право Республики Казахстан: учебное пособие. – Караганда: Арко, 2009. – 472 с.
3. Байдельдинов Д.Л. Экологическое законодательство РК. -Алматы: Жеті-Жарғы, 1997 // www.Volkan.kz
4. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі. Ерекше бөлім. (2010.15.07. берілген өзгерістер мен толықтырулармен). -Алматы: ЮРИСТ, 2010.
5. Бейсенова А., Шілдебаев Ж. Экология және табиғатты тиімді пайдалану. -Алматы: “Ғылым”, 2004. 325бет, // <http://law.kz/article/>
6. Закон Республики Узбекистан 9 декабря 1992 г. № 754-ХІІ «Об охране природы». (В данный Закон внесены изменения в соответствии с Законами от 6.05.95 г., 25.04.97 г., 25.12.98 г.).
7. Холмунинов Ж.Т. – Экологическое право. Альбом схем: учебное пособие. – Т.: Академия МВД Республики Узбекистан, 2002. – 188 с.
8. Уголовный Кодекс Республики Узбекистан, утвержден Законом Руз от 22.09.1994 г. № 2012-ХІІ, Введен в действие с 01.04.1995 г. (с изменениями в соответствии с Законом Руз от 04.01.2011 г. № ЗРУ-278).
9. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 1997 жыл 16 шілде, № 167.
10. Қазақстан Республикасының Экологиялық Кодексі. 9 қаңтар 2007 жыл № 12-13-ІІІ. (2011.10.01. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) // www.e-gov.kz
11. http://pm.kz/kz/strategy/article_181.html
12. <http://likebook.ru/books/view/22945/>

In given article the author spends the comparative -legal analysis of the legal responsibility about compensation of harm under the laws Republic of Kazakhstan and Republic of Uzbekistan.

Also the concept and types of the ecological responsibility and types of ecological harm are considered.

В данной статье автор проводит сравнительно-правовой анализ юридической ответственности о возмещении вреда по законодательству Республики Казахстан и Республики Узбекистан.

Также рассматриваются понятие и виды экологической ответственности и виды экологического вреда

А.Ө. Кесебаева

АРАЛ АУМАҒЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН ЖАҚСАРТУДЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Бірнеше жылдар бұрын Арал теңізі әлемдегі көлемі жағынан төртінші орындағы және өзінің мол табиғи байлықтарымен көпке танымал теңіз болатын, ал Арал бойының аймағы гүлденген және биологиялық бай табиғи орта деп есептелетін. Ал бүгінде Арал апатының салдары аймақтың шегінен асып кетті. Теңіз акваториясының құрғауы себебінен жыл сайын 100 мың тоннадан артық тұз бен әртүрлі химикаттар мен улар араласқан шаң көтеріліп барлық тірі организмге зиянын тигізуде.

Аталған аймақтағы экологиялық жағдайдың нашарлауының басты мәселесі Арал теңізінің жоғары бөлігінде орналасқан елдердің (Өзбекстан, Қазақстан, Түркіменстан) ирригациялық және төмендегі елдердің (Тәжікстан, Қырғызстан) энергетикалық су пайдалану режимдерінің арасындағы қарама-қайшылық болып табылады.

Халықаралық құқықтың негізгі құжаттары, соның ішінде трансшекаралық суларды пайдаланудың қағидаларын анықтайтын халықаралық өзендер мен трансшекаралық суларды пайдалануды қорғау туралы конвенция (1992 ж.) бойынша судың бойында орналасқан мемлекеттердің барлығы «суды өз территориясындағы шегіне сәйкес және адал және ақылға сиымды түрде қолдануы тиістігі» көрсетілген. Осы құжаттармен, сонымен қатар, халықаралық сулардың бойындағы мемлекеттердің суды өз территорияларында пайдалану барысында «басқа мемлекеттерге зиян келтірудің барынша алдын алу» және зиян келтірілген жағдайда «осы зиянды жою немесе азайту, қажет болған жағдайда өтемақы төлеттіру мәселесін талқылау» туралы шаралар қолдану міндеттемелері қамтылған.

Трансшекаралық сулардың су ресурстарын пайдалану туралы халықаралық құқық нормалары аймақтың барлық мемлекеттері үшін халықаралық суды тиімді пайдалану мен тиісінше қорғау мақсаттарына жету үшін ынтымақтастық саласындағы жалпы міндеттерін де қарастырады. Мұндай ынтымақтастықтың маңызды бастамасы 1993 жылы наурыз айындағы Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан және Түркіменстан мемлекеттерінің Елбасыларының кездесуі

болып табылады. Осы кездесуде Қызылорда қаласында «Арал теңізі мен Арал аймағының мәселелерін бірлесіп шешу, Арал аймағын экологиялық сауықтыру мен әлеуметтік-экономикалық дамыту туралы Келісімге» қол қойылды. Бұл проблемаларды барынша түсіну кеңестік кезеңнен кейін бес Орта Азия мемлекеттерінің Халықаралық Координациялық су шаруашылығы Комиссиясын (1992 ж), ал одан кейін (1993 ж.) құрылтайшылары аталған бес мемлекет болып табылатын Аралды құтқарудың Халықаралық Қоры құрылды. Қордың басты мақсаты аймақты экологиялық сауықтыруға және аймақты әлеуметтік-экономикалық дамытуға бағытталған жобалар мен бағдарламаларды қаржыландыру болып табылады [1].

Орта Азияда су қатынастары бойынша ынтымақтастықты құқықтық реттеу жүйесінің негізі олардың ішінде 1992 ж. Халықаралық су ресурстарының көздерін бірлесіп басқару, қорғау және пайдалану саласындағы ынтымақтастық туралы бесжақты Келісім ең басты орынды иеленетін аймақтық және субаймақтық (қатысушылардың саны шектелген) келісімдер болып табылады. Аймақтық деңгейде реттеу құралдарының қатарына 1993 жылғы Арал теңізі мен Арал аймағының мәселесін шешу, Арал аймағын экологиялық сауықтыру мен әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз етуде бірлесіп әрекет ету туралы 1993 жылғы Келісім мен 1998 жылғы Сырдария өзені бассейнінің су-энергетикалық ресурстарын пайдалану туралы үкіметаралық Келісім (төрт мемлекеттің қатысуымен – Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан және Тәжікстан) кіреді [2].

Су ресурстарын пайдалану мен қорғаумен байланысты халықаралық-құқықтық реттеуде 2006 жылғы Орта Азияның орнықты дамуы үшін қоршаған ортаны қорғау туралы Конвенция маңызды рөл атқарады. Бұл құжаттың көптеген қағидалары мен ережелері су ресурстарына қатысты болып келеді. Қазіргі кезде бұл Конвенция үш мемлекетпен - Қырғызстан, Тәжікстан және Түркіменстанмен қол қойылған және әлі күшіне енген. Бүгінде Орта Азия аймағында жоғары деңгейде жетілдірілмеген болса да, орнықты трансшекаралық су ресурстарын басқару мен пайдалану саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың құқықтық қоры құрылған және қолданылып келеді.

Осы жылдар ішінде АҚХҚ және оның ұйымдары мемлекеттер арасындағы екі немесе көпжақты құжаттардың қабылдануының аралық көпірі болды. АҚХҚ осы күрделі де өзекті экологиялық мәселелерді шешуде маңызды рөл атқарады. Су ресурстарын жүйелі басқару мәселесінде европалық тәжірибелерді барынша жоғары дәрежеде қолдану қажет. Жекелей айтқанда, су ресурстарын басқарудың интеграциялық қағидасын енгізу, бұл өз кезегінде су, жер, энергетика және басқа да ресурстарды басқаруды қамтамасыз етер еді. 2008 жылы желтоқсанда АҚХҚ БҰҰ-да бақылаушы статусын алды [3].

БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының шешімімен 2005-2015 ж.ж. «Өмірге арналған су» қозғалысының Халықаралық онжылдығы болып жарияланды. Арал мәселесін барынша терең түсіну 2005 жылы БҰҰ-ның Орта Азиядағы адамзат дамуы туралы Баяндамасында қолдау тапты, мұнда Арал теңізінің тартылуы тек аймақтық қана емес, жаһандық маңызға ие екендігі атап өтілді.

Қазақстан Республикасының Үкіметі АҚХҚ қызметін қолдау және нығайту үшін көптеген шаралар жасауды, бұл өз кезегінде аталған қорды Орта Азия мемлекеттерінің арасында диалог орнататын және Арал теңізінің суын тиімді пайдалануға және осы аймақтың экологиялық мәселесін шешудің басты кілтіне айналдырып отыр [4]. Қазақстан – бұрынғы КСРО және Орта Азия мемлекеттерінің ішінде ЕҚЫҰ секілді беделді халықаралық ұйымның төрағасы қызметін атқарған жалғыз мемлекет. Төрағалық еткен жылдары да мемлекетіміз Орта Азия мемлекеттерінің мәселелерін, әсіресе, Арал аймағының экологиялық мәселесін көтеруді басты күн тәртібіне қоя білді.

Арал теңізін құтқару мүмкін емес деген пікірлерді жоққа шығаратын іс-шаралар жасау әлі де қажет екенін атап өтуіміз керек. Бүгінде Орта Азия мемлекеттері Аралды апаттан құтқару үшін арнайы Бағдарлама жасап, онда мынадай бағыттарды дамыту қажет деп отыр:

1. Су ресурстарын барлық мемлекеттердің мүдделерін ескере отырып кешенді пайдалану бағыты;

2. Экологиялық бағыт;

3. Әлеуметтік-экономикалық бағыт;

4. Құқықтық механизмді дамыту бағыты [5].

Жүргізіліп отырған іс-шаралардың барлығы өз жемісін беретініне сеніміміз мол. Алайда апатты аймаққа айналып отырған Арал мәселесін шешу жолдары біздің ойымызша мұнымен шектеліп қалмауы тиіс. Құқықтық құжаттарда (мысалы, «2004-2015 ж.ж. арналған ҚР экологиялық қауіпсіздік тұжырымдамасы») экологиялық мәселелер жаһандық, ұлттық және жергілікті деп жіктелген. Адамзатқа тигізер залалының қауіптілігі жағынан орасан зор зардапқа әкеп соқтыратын және жер бетіндегі адамзаттың барлығына ортақ мәселелер жаһандық болып табылатынын

айтпаса да түсінікті (мысалы, озон қабатының бұзылуы, климаттың өзгеруі, жердің шөлейттенуі т.б.). Арал апаты аталған жіктемелердің ішінде ұлттық сипаттағы экологиялық мәселеге жатқызылған.

Арал теңізінің трансшекаралық су болып табылатынын, теңіздің тартылуына барлық трансшекаралық мемлекеттер «үлес қосып» отырғандықтарын, шөлейттенген аймақтан ауаға көтерілген тұз бен химикаттар Еуразия құрлығында ғана емес мұхиттың ар жағынан, Солтүстік Мұзды мұхитынан табылып жатқандығын, соңғы жылдары аймақ тұрғындарының арасында кеміс немесе «құбыжық» балалардың көптеп туылып жатқандығын және әр түрлі инфекциялық аурулардың кең таралып жатқандығын, Арал әлем ғалымдарының алаңдатушылығын тудырып отырғандығын, экологиялық жағдайдың нашарлауы себебінен аймақтағы биоәртүрліліктің да бұзылуын ескерсек, Арал теңізінің экологиялық ахуалы тек біздің ұлт үшін ғана емес, адамзат үшін аса қауіпті мәселеге айналып бара жатқанын мойындамасқа шара жоқ. Сол себепті, біздің ойымызша, Арал теңізінің мәселесі жаһандық экологиялық мәселе ретінде жіктелуі қажет. Жіктеліп қана қоймай, бұл арнайы құқықтық құжатта бекітіліп, сонымен қатар, әлем халықтарын Арал мәселесі туралы мәліметтермен қамтамасыз ету үшін арнайы ақпараттық база құрылып, онда аймаққа қатысты барлық экологиялық, құқықтық, әлеуметтік, экономикалық мәліметтер орналастырылса, бұл теңізді құтқару үшін жасалған тамшыдай болса да көмегіміз болар еді.

1. Соглашение о совместных действиях по решению проблемы Аральского моря и Приаралья, экологическому оздоровлению и обеспечению социально-экономического развития Аральского региона. Кзыл-Орда, 1993.

2. Ибатуллин С. Проблемы Бассейна Аральского моря и значение регионального сотрудничества. - 2010 г.

3. Аральское море - введение в проблему. Наука и жизнь, -2002. -№ 12.

4. А.Власов: Проблема Аральского моря - есть ли пути решения? - 2010 г.

5. Аральское море. http://ecoproblems.blogspot.com/2009/01/blog-post_25.html

In this article the author examines the problem of international legal regulation of the ecological state of the Aral Sea region and offer solutions to the problem.

В данной статье автор рассматривает проблемы международно- правового регулирования экологического состояния Аральского региона и предлагает пути решения данной проблемы.

А.Т. Салыхбаева

НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ ЮРИДИЧЕСКОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТИ ЗА НАРУШЕНИЕ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА ОБ ЭКОЛОГИЧЕСКОЙ ЭКСПЕРТИЗЕ

В Конституции РК в статье 31 говорится что, государство ставит целью охрану окружающей среды, благоприятной для жизни и здоровья человека. Сокрытие должностными лицами фактов и обстоятельств, угрожающих жизни и здоровью людей, влечет ответственность в соответствии с законом [1].

Под юридической ответственностью за экологические правонарушения понимается отношение между государством в лице специально уполномоченных органов в области охраны окружающей среды, правоохранительных органов, иными уполномоченными субъектами и совершившим экологическое правонарушение лицом (физическим, должностным или юридическим) по применению к нарушителю соответствующего взыскания. Сущность юридической ответственности заключается в неблагоприятных последствиях, наступающих для нарушителя экологических требований.

Юридическая ответственность за нарушение законодательства об экологической экспертизе регулируется в рамках экологического права.

Экологическая экспертиза проводится в целях установления соответствия планируемой хозяйственной и иной деятельности требованиям в области охраны окружающей среды.

Порядок проведения экологической экспертизы устанавливается Экологическим кодексом РК от 09.01. 2007 года (Глава 7) [2].

Первые шаги по проведению экологической экспертизы хозяйственных решений в Казахстане были сделаны в системе Госплана СССР. С образованием Госкомприроды СССР (1988) экспертными подразделениями ее территориальных органов стала проводиться государственная экологическая экспертиза (при наличии экспертных подразделений в других ведомствах).